

МАҚҰЛДАНДЫ
«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
Стратегиялық жоспарлау комитетінің
2024 ж. «26» шілде шешімімен

№ 3 хаттама

БЕКІТІЛДІ
«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2024 ж. «1» мамыр шешімімен

№ 9 хаттама

**«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының 2023 жылғы
жылдық есебі**

Астана қаласы, 2024 жыл

Мазмұны

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі	3
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының алғы сөзі.....	5
1. Жалпы мәліметтер.....	7
2. Есепті жылдағы операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелері.....	11
2.1 Қаржы-шаруашылық қызметті талдау	11
2.2 2023 жылдың қорытындысы. Негізгі жетістіктер.....	13
2.2.1 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ЭМС АИАЖ).....	13
2.2.2 «Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі («е-Қаржымині» ИААЖ).....	14
2.2.3 Мемлекеттік қолдау шараларына (МҚШ) субъекті бойынша мониторинг жасау ішкі жүйесі.....	15
2.2.4 Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ҚИАЖ) «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі (ҚКАЖ)	16
2.2.5 «Мемлекеттік жоспарлау» ақпараттық жүйесі (МЖАЖ).....	16
2.2.6 Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы ақпараттық жүйелер (МКК АЖ).....	19
2.2.7 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің АРІ сервистері.....	23
2.2.8 Байланыс орталығы	24
3. Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі.....	25
4. Корпоративтік басқару.....	27
5. Орнықты даму.....	29
6. Стратегиялық даму жоспары.....	30
7. Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік.....	31
8. 2024 жылға арналған мақсаттар мен жоспарлар	35
8.1 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ЭМС АИАЖ).....	35
8.2 «Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі («е-Қаржымині» ИААЖ)	36
8.3 Мемлекеттік қолдау шараларына (МҚШ) субъекті бойынша мониторинг жасау ішкі жүйесі	36
8.4 Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ҚИАЖ) «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі (ҚКАЖ)	36
8.5 «Мемлекеттік жоспарлау» ақпараттық жүйесі (МЖАЖ).....	37
8.6 Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы ақпараттық жүйелер (МКК АЖ).....	39
8.7 Байланыс орталығы	39

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі**

Құрметті әріптестер, серіктестер, инвесторлар, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Директорлар кеңесі атынан бүгінгі жиналысымызға қош келдіңіздер деймін!

«Электрондық қаржы орталығы» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің атынан барлық серіктестерге жемісті ынтымақтастық үшін, Жалғыз акционерге қолдау көрсеткені үшін, ал ұжымға Директорлар кеңесі қойған міндеттерді іске асырғаны және тиімді және сенімді жұмысқа қосқан үлесі үшін алғыс айтамын!

Сіздердің бізге көрсеткен сенімдеріңіз бен ортақ мақсаттарға жетудегі ынтымақтастықтарыңызды терең бағалаймыз. Сіздерді жаңа биіктерге ұмтылу жолында бізге қосылуға шақырамыз.

2023 жылдың өндірістік және қаржылық тұрақты нәтижелері Қоғам алдында тұрған болашақтағы міндеттерді ойдағыдай шешудің іргетасы болатынына сенімдімін.

Қазіргі уақытта Қоғам кіріс және шығыс бөлігінде бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың жүйелерін ақпараттандыру аясындағы жетекші, бейінді және мамандандырылған ұйым болып табылады, үлкен жұмыс тәжірибесі бар, кәсіби әрі әкімшілік жағынан барлық қажетті ресурстарға ие.

Мемлекеттік сатып алу операторы және электрондық сатып алу операторы ретінде Қоғам «Электрондық мемлекеттік сатып алу» порталын дамытуды, сүйемелдеуді және әкімшілендіруді жүзеге асырады.

Бүгінгі күні сатып алу процесі 100%-ға автоматтандырылған.

2023 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мынадай міндеттер іске асырылды:

- «Smart Bridge» платформасында мемлекеттік сатып алу жөнінде деректерді беру бойынша «Ашық бюджеттер» порталымен интеграция жүзеге асырылды;

- жобалық-сметалық құжаттамадан жобаның құны туралы жылдар бөлінісінде мәліметтерді алу бөлігінде «Мемсараптама» АЖ-мен интеграция жүзеге асырылды;



«Электрондық қаржы орталығы» ,
акционерлік қоғамының
2023 жылғы жылдық есебі

- квазимемлекеттік секторға арналған «Ерекше тәртіп қолданылатын тендер» жаңа сатып алу тәсілі іске қосылды.

«Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ЭМС АИАЖ, ЭМС) енгізу ашық бәсекелестік және сатып алу рәсімдерінің айқындығы арқылы бюджет қаражатын орасан зор үнемдеуге қол жеткізуге мүмкіндік берді, атап айтқанда, 2022 жылғы 632 млрд. теңгеден 2023 жылғы 850 млрд. теңгеге дейін мемлекеттік бюджеттің шартты үнемдеу сомасының ұлғаюы байқалады.

Жалпы, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ-ның 2024 жылы даму серпінін сақтауға бағытталған барлық негізгі бастамалары алға қойылған міндеттерге қол жеткізуге және елдің IT-саласын нығайтуға өзінің лайықты үлесін қосуға мүмкіндік береді.

*Құрметпен,
«Электрондық қаржы орталығы» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы,
Қазақстан Республикасының
Қаржы вице-министрі*

А. Турысов

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының алғы сөзі

**Құрметті әріптестер,
серіктестер, бизнестің және мемлекеттік органдардың өкілдері!**

Біздің жолымызда қандай да өзгерістер болмасын, біз ашықтықты, ынтымақтастықты және инновацияны ұстанамыз. Біз кез-келген қиындықты жеңе береміз және әр адамға, ұйымға толық байланысты, зияткерлік әлем құру үшін цифрлық технология ұсыну деген көзқарасымыз бен миссиямызға адал болып қала береміз.



Қоғам өзінің стратегиялық бағытын ойдағыдай ұстанады және жүзеге асырылуы Қоғамның барлық стейкхолдерлерінің, соның ішінде Жалғыз акционердің, қызметкерлер мен серіктестердің және тұтастай алғанда елдің мүдделеріне сәйкес келетін, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізеді.

Біз жалпы көрсеткіштерді айтарлықтай жақсарттық, сондай-ақ күтілетін қаржылық нәтижелерден асып кеттік.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор ретінде «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесі мемлекеттік сатып алу рәсімдерін 100% цифрландыруды қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, мемлекеттік сатып алуды өткізуден мемлекет 2023 жылы 850 млрд. теңге үнемдеді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 218 млрд. теңгеге артық.

Сондай-ақ, Қоғамды дамытудың негізгі кезеңдерінің бірі ЭМС порталын сенімгерлік басқару шарты бойынша Қоғамға беру болып табылады. 2017 жылы ЭМС коммерцияландыру мәселесі қозғалып, ҚР Қаржы министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҚМ) 2018 жылы мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың өкілеттіктерін толықтыру бөлігінде Мемлекеттік сатып алу туралы Заңға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасады.

ҚР Парламенті Мәжілісі, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және барлық мүдделі тараптар осы норманы мақұлдағаннан кейін, Қоғам ЭМС-ты сенімгерлік басқаруға беру мәселесін көтерді.

Сенімгерлік басқаруға берілгеннен кейін жүйеде модификациялар мен жақсартулар саны күрт өсті. Жүйені дамытумен және сүйемелдеумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің штаты 2,5 есеге ұлғайды.

Сондай-ақ, келесі жобаларды іске асыру бойынша Қоғамға көрсеткен сенімдеріңізге назарларыңызды аударғым келеді:

1) Мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталын іске асыру (ҚР Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы бұйрығымен Қоғам МЖӘ порталының операторы болып айқындалды);

2) Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары шеңберінде сатып алу, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу, орта білімнен кейінгі білім беру (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 Бұйрығы*)(бүгінгі күні функционал ЭГЗ веб-порталында іске асырылды және жұмыс істейді).

Бұл жобалар «ЭҚО» АҚ өз қаражаты есебінен құрылады.

Сыртқы электрондық сауда саласындағы пилоттық жобаны (экспериментті) жүргізу туралы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2021 жылғы 5 сәуірдегі №7 өкімін орындау шеңберінде «АСТАНА-1» АЖ-ның «ПЕЖ» АЖ-мен («Қазпошта» АҚ) интеграциясы модификацияланды. Бұл интеграция сыртқы электрондық сауда операторы ретінде «Қазпошта» АҚ-ға кедендік декларация ретінде пайдаланылатын Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде көзделген құжаттарды беру арқылы халықаралық пошта жөнелтілімдерінде жіберілетін жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, трансшекаралық сауда рәсімдерін оңайлату, транзиттік тасымалдарды ұлғайту, сондай-ақ ҚХР – ЕО темір жол бағыты бойынша тауарларды транзиттік өткізу жөніндегі пилоттық жобаны жүргізу туралы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кеден қызметтері Біріккен алқасының 2023 жылғы 7 сәуірдегі №41/14 шешімін орындау мақсатында, ЕАЭО ОКТС «АСТАНА-1» АЖ-ның «TEZCustoms» АЖ/ ШКЖ АБЖ-мен («ҚТЖ» АҚ) ҰК) интеграциясы модификацияланды. Осылайша, «пилот» шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ЕАЭО-ға мүше болып табылмайтын елдерге транзитпен өткізілетін тауарларды кедендік декларациялау және бақылау процесі автоматтандырылды, бұл кеден және басқа да бақылаушы қызметтер тарапынан бақылау уақытын 5 сағаттан 1 сағатқа дейін қысқартты.

2023 жылды қорытындылай келе, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ – өзгермелі нарықтық жағдайларға бейімделу тәжірибесі мол Қоғам екенін айтуға болады. Мен біздің болашағымыздың зор екеніне және барлық салада айтарлықтай өсуді бірге қамтамасыз ететінімізге сенімдімін. Қол жеткізілген нәтижелер, көзделген мақсаттарды іске асыру қабылданып жатқан

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамының
2023 жылғы жылдық есебі

шешімдердің тиімділігін куәландырады және қызметіміздің басым бағыттарына сүйене отырып, өз миссиямызды және Қазақстанды ІТ бағытта экономикалық дамытуды іске асыруды ағымдағы жылы да жалғастырамыз.

*Құрметпен,
«Электрондық қаржы орталығы» АҚ
Басқармасының төрағасы*

Д. Крамшеев

1. Жалпы мәліметтер

Қоғам «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамы болып қайта құру жолымен «Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 05 мамырдағы № 248 қаулысына сәйкес құрылды.

Қоғам «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамын қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 792 қаулысына сәйкес «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы болып қайта аталды.

Жарғыға сәйкес Қоғам қызметінің мәні:

- 1) деректерді орналастыру және өңдеу қызметтері;
- 2) веб-порталдар болып табылады.

Қоғамның негізгі қызмет түрлеріне:

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталын және мемлекеттік қаржы саласындағы өзге де ақпараттық жүйелерді дамыту, енгізу, сүйемелдеу және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсету;

2) мемлекеттік сатып алу веб-порталын және мемлекеттік қаржы саласындағы өзге де ақпараттық жүйелерді құру, дамыту, енгізу, сүйемелдеу және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі жобаларды басқару функцияларын жүзеге асыру;

3) әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (қолжетімділік) бойынша ақылы негізде қызметтер көрсету, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу веб-порталы/ақпараттандыру объектілері арқылы деректерді, электрондық қызметтерді орналастыру және қайта өңдеу жөнінде қызметтер көрсету;

4) мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша өтеусіз негізде кеңестік көмек көрсету;

5) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталын ақпараттық толтыруды жүзеге асыру;

7) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қимыл жасау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

8) анықтамалықты енгізе отырып, тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар деректер базасын енгізу және сүйемелдеу;

9) ақпараттық жүйелерді дамытуды, енгізуді, сүйемелдеуді іске асыру шеңберінде бағдарламалық қамтылымды/ақпараттандыру объектісін жеткізу (әзірлеу және енгізу);

10) ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерді, мемлекеттік және салалық стандарттарды өтеусіз негізде әзірлеуге қатысу;

11) тиісті тауар нарығында бәсекелестікті шектеуге жол бермеу шартымен орталық және жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тапсырысы бойынша семинарлар, конференциялар мен курстар ұйымдастыруды қоса алғанда, оқыту бағдарламаларын әзірлеу, оқытуды ұйымдастыру және өткізу, электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

12) мемлекеттік мүлікті есепке алуды өтеусіз негізде жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

13) ҚР ҚМ және оның құрылымдық бөлімшелері (ұйымдары) үшін мемлекеттік қаржы саласындағы деректерді сараптамалық-талдамалық бағалау;

14) ҚР ҚМ және оның құрылымдық бөлімшелері (ұйымдары) үшін мамандандырылған есептер мен әдіснамалық ұсынымдар әзірлеу;

15) пайдалану құжаттамасын қоспағанда, бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға және дамытуға техникалық құжаттама әзірлеу;

16) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсету және оларды сүйемелдеу;

17) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру, дамыту, жүйелік-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу жөніндегі жобаларды басқару;

18) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің субъектілеріне кеңестік көмек көрсету;

19) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері ақпараттық қауіпсіздігінің ақпараттандыру туралы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

20) бюджеттік процесті, оның ішінде Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасында көзделген қажетті іс-шараларды іске асыру арқылы бюджеттік процесті автоматтандыру;

21) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу веб-порталын/ақпараттандыру объектісін құруды, дамытуды, сүйемелдеуді және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді (техникалық қолдауды) жүзеге асыру;

22) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу веб-порталын/ақпараттандыру объектісін дамыту жөніндегі жобаларды басқару;

23) денсаулық сақтау субъектілеріне дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу веб-порталын/ақпараттандыру объектісін пайдалану жөнінде қызметтер көрсету;

24) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу веб-порталының/ақпараттандыру объектісінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша денсаулық сақтау субъектілеріне консультациялық көмек көрсету;

25) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды/ақпараттандыру объектісін сатып алу веб-порталында орналастырылған мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын сақтау, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

26) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу тәртібіне сәйкес дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу веб-порталының/ақпараттандыру объектісін ақпараттық толтыру кіреді.

Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген статусқа ие:

- Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор («Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы №516 бұйрығы);

- Бюджет процесі саласындағы интегратор («Бюджет процесі саласындағы интеграторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы бірінші қаржы вице-министрінің 2020 жылғы 24 ақпандағы №195 бұйрығы);

- Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді жүзеге асыратын және білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесін қалыптастыратын біліктілік органы («Біліктілік органын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы бірінші қаржы вице-министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №524 бұйрығы);

- Денсаулық сақтау субъектілерінен дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу саласындағы бірыңғай оператор («Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі №234 бұйрығы);

- Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, электрондық сатып алудың, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің ақпараттық жүйесінің операторы («Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу веб-порталдарын және электрондық сатып алудың ақпараттық жүйелері операторларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 29 қарашадағы №1231 бұйрығы);


- Мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталының операторы («Мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталының операторын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 23 қаңтардағы №20 бұйрығы).

2. Есепті жылдағы операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелері

2.1 Қаржы-шаруашылық қызметті талдау

Қоғамның 2023 жылғы кірісі 12 834 474 мың теңгені құрады, оның ішінде: кіріс – 11 772 474 мың теңге (қызмет түрлері бойынша кірістер суретте көрсетілген).

Қызметтер бөлінісінде Қоғамның 2023 жылғы кірістері



Қызметтер	мың.тг.	үлес салмағы, %
Қазынашылық комитетінің АЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру (техникалық қолдау) қызметтері	671 214	6 %
Мемлекеттік жоспарлау (бюджеттік жоспарлау) АЖ жаңғырту, сүйемелдеу және әкімшілендіру қызметтері	474 035	4 %
«Е-Қаржымині» ИААЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру қызметтері	1 165 593	10 %
«Тәуекелдерді басқару жүйесі» АЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру қызметтері	565 610	5 %
Салық және кеден заңнамасы саласындағы АЖ сүйемелдеу қызметтері	1 722 826	15 %
Ақпараттық жүйені «Астана 1» АЖ сүйемелдеу және техникалық қолдау қызметтері	514 114	4 %
Ақпараттық жүйені «е-Терезе» АЖ сүйемелдеу және техникалық қолдау қызметтері	403 004	3%
МКК әкімшілендіру қызметтері	461 942	4
ЭМС веб-порталын пайдалану қызметі	5 473 534	46 %
«Электрондық коммерциялық сатып алу» АЖ сүйемелдеу қызметтері	320 602	3 %
Барлығы	11 772 474	100%

Қоғамның 2023 жылғы шығыстары барлығы 11 507 769 мың теңгені құрады.

«Электрондық қаржы орталығы»
 акционерлік қоғамының
 2023 жылғы жылдық есебі

Сатылған өнімнің өзіндік құны 10 739 265 мың теңгені құрады. Әкімшілік шығыстар – 758 087 мың теңге, басқа шығыстар – 10 417 мың теңге.

Қоғам шығыстарының негізгі баптары аутсорсинг қызметтеріне, еңбекақы төлеуге, үй-жайларды жалға алуға, салықтарға және басқа да шығыстарға арналған шығындар болып табылады.

Қоғамның активтері 2023 жылдың соңында 72 757 383 мың теңгені құрады, 2023 жылдың соңында меншікті капитал мөлшері 1 090 915 мың теңгені құрады.

**2022 жылмен салыстырғанда
 2023 жылғы қаржылық көрсеткіштер**

мың теңгеде

Показатели	2022 жыл	2023 жыл	Ауытқу, %
Кірістер барлығы, оның ішінде:	9 709 559	12 834 474	32,18
Түсім	9 017 006	11 772 474	30,56
Басқа кірістер	692 553	1 062 000	53,3%
Шығыстар барлығы, оның ішінде:	9 522 016	11 507 769	20,85%
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	8 806 617	10 739 265	21,95
Әкімшілік шығыстар	658 084	758 087	15,2
Басқа шығыстар	21 326	10 417	(51,15)
Салық салуға дейінгі пайда	223 532	1 326 705	493,52
Табыс салығы бойынша шығыстар	35 989	330 915	819,5
Кезең ішіндегі қорытынды пайда (залал)	187 543	995 790	430,97
Активтердің тиімділігі, %	0,37	1,37	270,27
Меншікті капиталдың тиімділігі, %	21,04	91,28	333,84
Кірістердің тиімділігі, %	1,93	7,76	302,07

Қоғамның 2023 жылғы бөлінген таза кірісі туралы және акцияларының мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтер төлеу туралы ақпарат. Жалғыз акционердің («Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза кірісін бөлу туралы) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 23 мамырдағы №320 бұйрығы) шешіміне сәйкес Қоғамның 2023 жылғы таза кірісі 995 790 000 (тоғыз жүз тоқсан бес миллион жеті жүз тоқсан мың) теңгені құрады:

- 697 053 000 (алты жүз тоқсан жеті миллион елу үш мың) теңге мөлшеріндегі сома акциялардың мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтер

төлеуге республикалық бюджеттің кірісіне жіберілді; 2023 жылы бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 1 285,66 теңгені құрады;

- 426 713 000 (төрт жүз жиырма алты миллион жеті жүз он үш мың) теңге мөлшеріндегі сома «Электрондық мемлекеттік сатып алу» мемлекеттік ақпараттық жүйесін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №2/57 шарт бойынша республикалық бюджеттің кірісіне жіберілді.

Жарғылық капиталдың құрылымы

Жарғылық капиталдың мөлшері: 542 178 000 (бес жүз қырық екі миллион жүз жетпіс сегіз мың) теңге, акциялар қарапайым.

Қоғамның құрылтайшысы ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын ҚР ҚМ жүзеге асырады.

Акциялардың жалпы саны: 542 178 (бес жүз қырық екі мың жүз жетпіс сегіз) дана, жалпы сомасы 542 178 000 (бес жүз қырық екі миллион бір жүз жетпіс сегіз мың) теңге.

2.2 2023 жылдың қорытындысы. Негізгі жетістіктер

2.2.1 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ЭМС АИАЖ)

Жобаның мақсаты мемлекеттік сатып алудың бизнес-процестерін автоматтандыру, сатып алу рәсімдерін өткізудің айқындығын қамтамасыз ету және тексеруші органдарға сатып алу мониторингі функцияларын ұсыну болып табылады.

2023 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мынадай міндеттер іске асырылды:

- «Smart Bridge» платформасында мемлекеттік сатып алу бойынша деректерді беру бойынша «Ашық бюджеттер» порталымен интеграция жүзеге асырылды;

- жобалық-сметалық құжаттамадан жылдар бөлінісінде жобаның құны туралы мәліметтерді алу бөлігінде «Мемсараптама» АЖ-мен интеграция жүзеге асырылды;

- квазимемлекеттік секторға арналған «Ерекше тәртіп қолданылатын тендер» жаңа сатып алу тәсілі іске қосылды.

Сонымен қатар, ЭМС АИАЖ пайдалану ашық бәсекелестік және сатып алу рәсімдерінің айқындығы арқылы бюджет қаражатын орасан зор үнемдеуге қол жеткізуге мүмкіндік берді, атап айтқанда, 2022 жылғы 632 млрд. теңгеден 2023 жылғы 850 млрд. теңгеге дейін мемлекеттік бюджеттің шартты үнемдеу сомасының ұлғаюы байқалады.

Жүйенің ақауларға төзімділігі 2023 жылы 100% құрады.

ЭМС АИАЖ аясындағы тауарлардың электрондық каталогы (ТЭК, Каталог)

Каталог – тауар туралы мынадай бірыңғай ақпаратты қамтитын мәліметтер базасы:

- бірегей тауар сәйкестендіргіштері;
- тауарлардың егжей-тегжейлі сипаттамалары мен сипаттары;
- тауарлардың суреттері.

2023 жылы Каталогта:

- 8 мыңнан астам деректер жеткізушілері тіркелді;
- шамамен 534 тауар санаты құрылды;
- 12 мыңға жуық тауар жүктелді;
- әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде 400

мыңнан астам техникалық ерекшелік қалыптастырды.

2023 жылы ақпараттық жүйені әзірлеу және жетілдіру шеңберінде нәтижелерге қол жеткізілді. Мынадай негізгі жұмыстар жүргізілді:

1. Рөлдер мен пайдаланушыларды басқару функционалы жақсарды;
2. АРІ-сервистерде жақсартулар жүргізілді;
3. Жұмыстар мен қызметтерді құрылымдау жүйесі әзірленді;
4. Пайдаланушылардың өтінімдерді толтыруын жеңілдету үшін өтінім

нысаны пысықталды;

5. Модерация функционалы жақсарды, бұл өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік берді.

Перспективалы бағыттардың бірі Қаржы министрлігінің барлық жүйелері (Мемлекеттік жоспарлау, Электрондық мемлекеттік сатып алу, Электрондық шот-фактуралар және т.б.) үшін тауарлар туралы біріздендірілген деректердің көзі ретінде ТЭК дамыту болып табылады.

2.2.2 «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі («е-Қаржымині» ИААЖ)

"е-Қаржымині" ИААЖ ҚР ҚМ Мемлекеттік функцияларды орындау және мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша кешенді автоматтандыруға (бизнес-процестерге) арналған.

"е-Қаржымині" ИААЖ ҚР ҚМ және оның комитеттерінің ақпараттық ресурстарын бірыңғай конфигурациямен орталықтандырылған ақпараттық жүйеге интеграциялау және оның қосымшалары мен ресурстарына қауіпсіз және сенімді қолжетімділікті қамтамасыз ету жолымен құрылатын Қазақстан Республикасының қаржыны басқару саласындағы бірыңғай ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

"е-Қаржымині" жұмысы ҚР ҚМ сапалы жаңа, басқарылатын архитектурасын құру және ҚР ҚМ мен оның комитеттері қызметінің әрбір бағыты бойынша ашықтық пен тиімділікті арттыру болып табылады.

Кіші жүйелерді сүйемелдеу шеңберінде 2023 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында "е-Қаржымині" ИААЖ пайдаланушылары үшін

көрсетілген консультациялардың жалпы саны - 63725 өтініш. "Е-Қаржымині" ИААЖ пайдаланушыларының жалпы саны - 22 мың.

"е-Қаржымині" ИААЖ сүйемелдеу шеңберінде 23 модификация іске асырылды, оның ішінде "Бухгалтерлік есеп" кіші жүйесі бойынша-3 модификация, "Мемлекеттік қарыз алу және Кредиттеу бөлігінде ГБ орындау" - 2 модификация, "Кадр әлеуетін басқару, кадр құрамы бойынша есептерді қалыптастыру және ұсыну" - 2 модификация, "Интеграциялық шина" - 2 модификация, "Талдау орталығы" - 1 модификация, "Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі" (бұдан әрі – ТБЖ/ФК кіші жүйелері) - 6 модификация, "Қаржылық және бюджеттік есептілікті жинау және шоғырландыру" - 1 модификация, "Бухгалтерлік операциялардың деректерін бірыңғай сақтау" - 1 модификация, "Онлайн бюджеттік мониторинг" 5 модификация, сондай-ақ ИААЖ сүйемелдеу бойынша орындалған жұмыстардың актілеріне қол қойылды және жабылды "е-Қаржымині" 1-4 тоқсан үшін.

2023 жылға арналған жоспарлар жүзеге асырылды, атап айтқанда:

- ҚР шоғырландырылған бюджеті бойынша есеп;
- КДП сервисімен интеграцияланған (дербес деректерге қол жеткізуді бақылау);

- Мемлекеттік органдардың ақпараттық бухгалтерлік есеп жүйелерінен алынған деректерді қабылдауды, сақтауды және визуализациялауды қамтамасыз ететін "мемлекеттік органдардың бухгалтерлік операциялары деректерінің бірыңғай қоймасы" жобасы іске асырылды. БО ЕХД-ға 500-ден астам орталық мемлекеттік органдар қосылған.

- "Онлайн бюджеттік мониторинг" жобасы іске асырылды, оның мақсаты Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, оның барлық кезеңдерінде (жоспарлау, сатып алу, орындау және аудит) бюджеттік процесті қадағалау болып табылады. Бұзушылықтарды анықтау үшін тәуекел профилдері іске асырылды.

2.2.3 Мемлекеттік қолдау шараларына (МҚШ) субъекті бойынша мониторинг жасау ішкі жүйесі

МҚШ құралы 19 мемлекеттік бағдарлама, ұлттық жобалар және бизнесті қолдауды дамыту тұжырымдамасы бойынша тиімділікті бағалауға мүмкіндік береді. 2015 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі кезеңдегі 17 МҚШ операторларының деректері, салық деректері, зейнетақы аударымдары және МКК жүйелерінен өзге де деректер жүйеге жүктелген.

2023 жылы Қаржы вице-министрі Д.Е. Жаналиновтің 2022 жылғы 20 маусымдағы №603 бұйрығы негізінде Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалаудың бекітілген әдістемесіне сәйкес МҚШ құралын модификациялау бойынша жұмыстар жүргізілді (МҚШ алған субъектілерді қаржылық қолдаусыз дамытын субъектілермен салыстырмалы талдау; бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен операторлардың рейтингі).

2.2.4 Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ҚИАЖ) «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі (ҚКАЖ)

ҚКАЖ мақсаты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қаржыны тиімді басқаруын қамтамасыз ету болып табылады, ол жүйенің орындалуына пәрменді бақылауды, сондай-ақ Қазынашылықтың қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелермен қазіргі заманғы, интеграцияланған және тиімділігі жоғары ақпараттық ортаны ұсыну арқылы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруды қамтиды.

2023 жылы Қазынашылық комитетінің 2023 жылғы 11 сәуірдегі Ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу және әкімшілендіру жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №129 шарт шеңберінде ҚКАЖ үздіксіз және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қоғам пайдаланушыларға консультациялық қолдау көрсету, модификация жоспары бойынша іс-шараларды орындау, режимде қолжетімділікті 24/7 қамтамасыз ету және пайдалану кезінде пайдаланушылардың қателері мен туындайтын проблемаларын түзету, пайдалану құжаттамасын өзектендіру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кешенді қызмет көрсетті.

2023 жылы Мемлекеттік қызметтерді сатып алу туралы 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 129 шартқа және Қазынашылық комитетінің ақпараттық жүйелерін көшіру жөніндегі Жол картасына сәйкес, қазынашылықтың ақпараттық жүйесін х86 операциялық жүйесі (көші-қонның 1-кезеңі) басқарылатын серверлерге көшіру бойынша барлық жұмыстар жүргізілді.

Пайдаланушылар санының және пайдаланушылық транзакцияларының, бизнес-процестердің жыл сайынғы өсуімен байланысты жүйенің өнімділігіне үлкен жүктемеге қарамастан, карантиндік және шектеу шаралары жағдайында Қоғам 2023 жылы: жүйенің толыққанды және тұрақты жұмыс істеуін, шамамен 55 мың пайдаланушыға (15 мыңнан астам ұйым) және бір мезгілде 10 мыңға жуық жұмыс істейтін пайдаланушыларға қызмет көрсетуді қамтамасыз етті, күніне орташа есеппен 40 мыңға жуық төлем шоттары тұрақты өңделді.

2.2.5 «Мемлекеттік жоспарлау» ақпараттық жүйесі (МЖАЖ)

МЖАЖ мақсаты қағаз құжат айналымын болдырмайтын мемлекеттік органдардың бюджеттік өтінімдерін қалыптастыру процестерін автоматтандыру бөлігінде бюджеттік жоспарлау рәсімін толық автоматтандыру болып табылады.

2023 жылы Мемлекеттік (бюджеттік) жоспарлаудың ақпараттық жүйесінің жобасын сүйемелдеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамының хостингінде серверлер қуаттылығының жеткіліксіздігіне байланысты жүйенің неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін МЖАЖ өнімді ортасын «е-Қаржымині» ИААЖ жобасының Co-location –ға көшіру жүзеге асырылды.

«Әкімшілендіру» модулін өзгерту арқылы МЖАЖ барлық модульдеріне бірыңғай кіру нүктесінің технологиясы іске асырылды, бұл болашақта жүйені әкімшілендіруді жеңілдетуді, жана пайдаланушылар құру бойынша жұмыстың жеделдігін арттыруды және оларға рөлдер мен өкілеттіктер беруді көздейді.

Жүйенің бастапқы кодын ауқымды өзгерту бойынша жұмыстар жүргізілді (Kubernetes платформасын қолдана отырып, микро сервистік архитектураға көшу). Осылайша, жинақтауды қалыптастыру мәселелері шешілді және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (бұдан әрі – ББӘ) бюджеттік өтінімдерін нұсқадан нұсқаға көшіру, ең жоғары жүктемелер кезеңінде жүйенің қатып қалуы және тұрақсыз жұмысы қысқартылды.

«Әкімшілендіру» модулі бойынша келесі жұмыстар орындалды:

- Пайдаланушының есептік жазбасын өшіру функционалы іске асырылды;
- Пайдаланушыны құрылымдық бөлімшелер мен мемлекеттік ұйымдар арасында ауыстыру функционалы іске асырылды;
- Мемлекеттік органдар бөлінісінде деңгейлерді баптау жөніндегі функционал іске асырылды;
- Excel форматына жүктеу мүмкіндігімен кері байланыс нысанынан келіп түскен сұрауларды өңдеу функционалы іске асырылды;
- Пайдаланушыларды «Модератор/Әкімші» рөлі бойынша сүзу жүзеге асырылды;
- МЖАЖ басты бетінде өзекті жаңалықтарды қарау есептегіші жүзеге асырылды.

Тираждау жоспары шеңберінде тоқсан сайын мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін «Әкімшілендіру» модуліндегі жұмыс бойынша оқыту жүргізіледі.

Мемлекеттік органдардың 150-ге жуық қызметкері оқытуға қатысты. Пайдаланушыларды «Модератор» рөлімен тіркеу бойынша жұмыс жүргізілуде (мемлекеттік органдардан тізімдер түсуіне қарай).

«Стратегиялық жоспарлау» кіші жүйесі шартының шеңберінде 2023 жылы бағдарламалық қамтамасыз етудің (бұдан әрі – БҚ) мынадай модификациялары іске асырылды:

1 Мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттар» модулінде: мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - УО) ұсыныстарын ескере отырып, «Стратегия – 2050» визуализацияланды; «Жалпыұлттық басымдықтар» бөлімінде ҚР Орталық мемлекеттік органдарына міндеттердің (ұлттық басымдықтар бойынша) әрбір іс-шарасын бекіту бойынша функционал іске асырылды, есептік жыл бойынша деректердің орындалуына мониторинг жүргізу мүмкіндігі көзделген, 2025 жылға дейін аумақтық даму жоспарының деректерін енгізу бойынша функционал іске асырылды.

2. «Мемлекеттік органның даму жоспарлары» модулінде (бұдан әрі-МОДЖ) МОДЖ-ның «Қаржылық қажеттілік» бөлімінде жекелеген өрістер бойынша деректерді енгізу процесі автоматтандырылды, МОДЖ-ның «Қаржылық қажеттілік» бөлімінің баспа нысанын Excel форматында түсіру көзделген.

3. «Мемлекеттік органның даму жоспарлары» модулінде жоғары Стратегиялық мемлекеттік жоспарлау (бұдан әрі-СМЖ) құжаттарды ескере отырып, Мемлекеттік органдардың даму жоспарының (бұдан әрі - МО) стратегиялық бағытын қалыптастыру автоматтандырылды («Қазақстан-2050» Стратегиясы, жоғарғы деңгейдегі жаңа құжаттарды қосу мүмкіндігімен ҚР-ның 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары), оларды МОДЖ-ның «Өзара байланыс архитектурасы» бөлімінде қалыптастыру автоматтандырылған.

4. «Мемлекеттік органның даму жоспарлары» модулінде стратегиялық мақсаттар мен бағыттар бөлінісінде МО даму жоспарының іске асырылуы туралы есеп визуализацияланған.

5. Нысаналы индикаторлар үшін Әдістеменің 1-1-қосымшасының нысанына сәйкес есептеу әдістемесін енгізу мүмкіндігі көзделген (өзгерістер ҚР ҰЭМ 2022 жылғы 06 сәуірдегі №32 бұйрығымен енгізілді).

6. «Ұлттық жобалар» модулінде Өңірлерді дамыту жоспарында көрсету үшін өңірлер бөлінісінде Ұлттық жобалар көрсеткіштерін ыдырату функционалы іске асырылды.

«Бюджеттік өтінім» модулі аясында келесі жұмыстар іске асырылды:

- факторлық-балдық шкала бойынша еңбекақы төлеу қорын (бұдан әрі - ФБШ) есептеу үшін жаңа нысандар іске асырылды, сондай-ақ «штат кесте» модулімен ішкі интеграция іске асырылды;

- «Мемлекеттік мекемелердің (бұдан әрі –ММ) жиынтығын қалыптастыру үшін бюджеттік өтінімдер мәртебесі» модальды терезесінде «Мәртебе» бағаны қосылды;

- ММ деңгейінде кіші бағдарламадан кіші бағдарламаға көшіру функционалы өзектендірілді;

- № 511 Бюджеттік өтінімді жасау мен ұсынудың жаңартылған қағидаларына сәйкес нысандардың нөмірленуі өзгертілді;

- 141, 143, 144 және 161 ерекшеліктер бойынша нысандардағы нормалар бойынша форматты-логикалық бақылау (бұдан әрі –ФЛБ) іске асырылды;

- баспа нысандарын жинақтау мен жүктеудің өзектілігін тексеру жүзеге асырылды;

- нысанға қоса берілген бірнеше құжаттарды бір уақытта жою функционалы іске асырылды;

- Комитет деңгейінде ММ бойынша есепті жүктеу функционалы іске асырылды;

- «Республикалық бюджет комиссиясы» модулінде көрсете отырып, «Бюджеттік өтінім» одулінде бюджет қаражатының қозғалысын есепке алу іске асырылды.

Сондай-ақ сүйемелдеу шарты шеңберінде бірқатар модификациялар орындалды, атап айтқанда:

- 2 жаңа модуль іске асырылды: «Ақпараттандыру бойынша шығыстар» және «Үкімет резерві»;

- онлайн бюджеттік мониторингті, оның ішінде интеграциялық өзара іс-қимылды жетілдіруге бағытталған бірқатар міндеттер орындалды;

"Бюджеттік бағдарламалар" модулі бойынша тираждау шеңберінде тоқсан сайынғы негізде пайдаланушыларды оқыту жүргізілді, сондай-ақ жаңа пайдаланушыларды тіркеу және модульде жұмыс істеу үшін МО тіркелген қызметкерлеріне рөл беру жүзеге асырылды. Тираждау барысында анықталған ескертулер мен ұсыныстарды жою бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Қаржыландыру жоспарларын нақтылауды қалыптастыру» модулі (бұдан әрі – ҚЖНҚ) бойынша тираждау жоспары шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың, орталық мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – ФО, ОМО) пайдаланушыларын тоқсан сайын оқыту жүргізілді, сондай-ақ жаңа пайдаланушыларды тіркеу және модульде жұмыс істеу үшін мемлекеттік органдардың тіркелген қызметкерлеріне рөл беру жүзеге асырылды. Тираждау барысында анықталған ескертулер мен ұсыныстарды жою бойынша жұмыстар жүргізілді.

«ҚЖНҚ» модулін түрлендіру шеңберінде мынадай түрлендіру орындалды:

Түрлі талдамалық есептерді іске асыру (әзірлеу).

2.2.6 Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы ақпараттық жүйелер (МКК АЖ)

2023 жылы салықтық әкімшілендіру саласындағы АЖ сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 12 маусымдағы №162 шарт жасалды.

Жобаның негізгі мақсаты ҚР ҚМ МКК қолданыстағы ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, сүйемелдеу болып табылады:

- «Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шоттар» (ОБДШ);
- «Интеграцияланған салықтық ақпараттық жүйе» (ИСАЖ);
- «Салық есептілігін өңдеу қызметтері» (СЕӨҚ);
- «Салық төлеушінің кабинеті» Web-қосымшасы (СТК);
- «Ақпараттық жүйелерді интеграциялаудың өнеркәсіптік платформасы» (МКК АЖИ);
- «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Web-порталы» (Web-портал);
- «Бірыңғай деректер қоймасы» (БДҚ);
- «Электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөніндегі» ақпараттық жүйе (ЭШҚ АЖ);
- «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің акцизделетін өнімдерінің өндірісі мен айналымын бақылау» (Акциздер).

Қоғам ҚР ҚМ МКК ақпараттық жүйелерін жетілдіру және оңтайландыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде. 2023 жылы барлығы 103 түрлендіруге өтініш берілді және орындалды.

"E-Salyq Business" мобильді қосымшасында жеке табыс салығын (ЖТС) және ЖК үшін әлеуметтік төлемдерді автоматты есептеу, оларды төлеу функционалы іске асырылды.

Есептеу кәсіпкердің өзі үшін де, оның қызметкерлері үшін де жүзеге асырылады. Жүргізілген есептеулер негізінде қосымша пайдаланушыға өзгерістерді қолмен енгізу мүмкіндігімен алдын ала толтыра отырып, 910 және 920 салық есептілігінің нысандарын (СЕН) қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ есептің баспа нысанын қалыптастыру және қарау мүмкіндігі іске асырылды. Бұдан басқа, қосымша есептің бастапқы, тарату және қосымша нысанын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, чектерді беру жүзеге асырылды. Бұл бақылау-касса машинасына (БКМ) жеңілдетілген балама, бұл БКМ сатып алуға және фискалдық деректер операторларының қызметтеріне ақы төлеуге шығындарды болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл қызмет қызметтерге, жұмыстарға чек қалыптастыруға, оны алушыға, мысалы, WhatsApp арқылы немесе басқа мессенджерлерді қолдана отырып жіберуге мүмкіндік береді.

«ESalyq Azamat» мобильдік қосымшасында жеке тұлғалар үшін «Электрондық салық әмияны» модулінің функционалы кеңейтілді. 240, 250, 270, 700 салық есептілігі нысанын (бұдан әрі – СЕН), жолаушылар кедендік декларациясын беру, банкроттыққа соттан тыс рәсім бойынша өтініш беру және хабарлама, шешім қабылдау (ЖТБ АЖ интеграциясы) мүмкіндігі іске асырылды.

2023 жылы БСАЖ ақпараттық жүйесінде сыртқы АЖ-ға жіберу кезінде жаңа форматтағы ЭЦҚ-ға қол қою бөлігінде модификация іске асырылды. Бұл модификация ҚР заңнамасына сәйкес ҰК жіберетін хабарламаларға қол қоюға мүмкіндік береді.

2023 жылы жүйенің аппараттық құралдарының ақауларға төзімділігін қамтамасыз ету, бизнес функцияларының жұмысын жеделдету және сервистердің өнімділігін арттыру үшін ескі Itanium архитектурасынан ДБСҚ АЖ-да x86 архитектурасына көшу жүзеге асырылды.

2023 жылы ОБДШ ақпараттық жүйесінде сұрау салуға жауап беру кезінде дербес деректерді пайдалануды жоюдың модификациясы, ОБДШ бойынша есептеулерді қабылдау және төлемдерді беру бөлігінде ОБДШ АЖ мен Кеден АЖ ақпараттық өзара іс-қимылының модификациясы іске асырылды және ОБДШ бойынша ДШ-дан Кеден АЖ-ға сальдо беру бойынша жаңа сервис іске асырылды.

2016 жылдан бастап ЭШФ АЖ белсенді дамуда, салық төлеушілер үшін де, мемлекет үшін де бірқатар функционалдар мен модульдер іске асырылды және енгізілді. ҚР ҚМ МКК 2020 жылғы 31 желтоқсандағы «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға беру туралы» № 488 бұйрығына сәйкес ЭШФ АЖ өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

ЭШФ АЖ негізгі мақсаты – шот-фактураларды электронды түрде алу, үзінді-көшірм беру.

Пайдаланудағы ЭШФ АЖ негізгі функционалдық құрамы:

1. ЭШФ жұмыс модулі;
2. Интеграциялық модуль;
3. АЖО модулі (Автоматтандырылған жұмыс орны, жүйенің пайдаланушы интерфейсі);
4. Виртуалды қойма модулі;
5. ТІЖ модулі (тауарларға ілеспе жүкқұжаттар);
6. Есеп беру модулі;
7. ЭШФ АЖ анықтамалық жүйесінің модулі;
8. Сандық қауіпсіздік сертификаттарымен жұмыс модулі.

2022 жылғы «ЭШФ» АЖ бағдарламалық қамтамасыз етудің ірі модификациялары мынадай міндеттер болып табылады: ЕЭК елдерінің уәкілетті органдары жіберетін мәліметтерді ҚБЖ талдау үшін өңдеу, сақтау және әкімшілендіру бойынша «ЕЭК» АЖ-мен интеграциялық өзара іс-қимылды іске асыру (**Қабылдау** жөніндегі функционалды модификациялау, Мәліметтерді ЕЭО елдерінің ұлттық қадағалау жүйелеріне онлайн беру бөлігінде **бақыланушылық** туралы келісімді модификациялау, «Ахуалдық орталық» АЖ-мен мәліметтерді электрондық беру бойынша интеграциялық өзара іс-қимылды іске асыру (ТІЖ, ЭШФ, РВА, ЭД), СМАЖ –бен (Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі) интеграциялық өзара іс-қимылды іске асыру

"АСТАНА-1" АЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру жөніндегі Қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 4 мамырдағы №136 және 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 421 шарттар жасалды, оған сүйемелдеу және әкімшілендіру бойынша қызметтер кіреді.

"АСТАНА-1" АЖ негізгі мақсаттары:

- кедендік рәсімдерді оңтайландыру және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың әкімшілік, қаржылық және уақыттық шығындарын қысқарту (бұдан әрі-СЭҚҚ). «АСТАНА-1» АЖ барлық кедендік рәсімдер мен операцияларды қамтиды және ҚР ҚМ МКК ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған;

- басқа мемлекеттік органдармен және елдермен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

"АСТАНА-1" АЖ-да 2023 жылы мынадай модификациялар іске асырылды:

- т/ж көлікпен өткізілетін тауарлар бойынша экспорттық декларациялардан алынған мәліметтермен алдын ала ақпарат алмасу бойынша ҚХР МКК АЖ-мен интеграция жасау;

- «E-salyk. Azamat интеграциясы» МҚ-мен жеке тұлғалардың жолаушылар кедендік декларациясы бойынша жекелеген тауарларды мобильді қосымшадан декларациялау бөлігінде интеграция;

- халықаралық пошта жөнелтілімдеріне жіберілетін жеке пайдалануға арналған сыртқы электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау кезінде Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде ӨҚТ ретінде көзделген құжаттарды пайдалану бөлігінде "АСТАНА-1" АЖ-ның "Қазпошта" АҚ-мен интеграцияны модификациялау;

- кедендік транзиттің кедендік рәсімі бойынша теміржол көлігімен өткізілетін тауарларды кедендік декларациялау және бақылау процесін автоматтандыру бөлігінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ АЖ интеграциясын модификациялау;

- Кедендік декларациялардан мәліметтерді беру бөлігінде және «Экспорт» кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды ЕЭО кедендік шекарасынан тыс нақты әкетуді растау туралы Ақпараттық жүйе тіркелімімен (сАЖТ) интеграция;

- экспорттық декларациялардан алдын ала ақпарат алмасу бөлігінде Әзірбайжан МКК АЖ-мен интеграцияны модификациялау;

- ЕЭО Алқасының шешіміне сәйкес КҚД толтыру нысаны мен тәртібіне өзгерістер енгізу бөлігінде «Тауарларды декларациялау» модулін модификациялау;

- «ҚТЖС төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз ету нысаны» модулінде анықтамалықтарды өзектендіру және өтініштер мен көрсетілген қызметтер бойынша ақпарат алмасу бөлігінде «Бір терезе» АЖ-мен интеграцияны модификациялау;

- анықтамалықтарды өзектендіру және «Жіктеу шешімдері» модулінде өтініштер мен көрсетілген қызметтер бойынша ақпарат алмасу бөлігінде «Бір терезе» АЖ интеграциясын модификациялау;

- лицензиялар мен рұқсат құжаттарынан тауарлар көлемінің қалдықтары бойынша ақпаратты беру бөлігінде «ЕЛ» МДБ-мен интеграцияны модификациялау;

- транзиттік декларацияны пайдалана отырып, тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алымдарды алу бөлігінде "Транзит" модулін модификациялау;

- Жеке тұлғаларға берілген бірегей сәйкестендіру нөмірлерін (ЖСН) беру бөлігінде СӘИЖ-мен интеграция;

- берілетін дербес деректер туралы мәліметтермен алмасу бөлігінде Дербес деректерге қол жеткізуді бақылау сервисімен (ДҚБ) интеграция.

«Бір терезе» АЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 3 мамырда №137 шарт жасалды.

«Бір терезе» АЖ-ның негізгі мақсаты- сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру, экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде ЖҚ беруге байланысты рәсімдерді оңтайландыру және автоматтандыру, сондай-ақ кеден істері саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуді автоматтандыру үшін «Бір терезе» АЖ порталы арқылы бірыңғай кіру нүктесін қамтамасыз ету болып табылады, атап айтқанда:

- СЭҚҚ үшін клиентке бағдарлануды жүзеге асыру;
- СЭҚҚ үшін өзара іс-қимыл арналарын ұлғайту;
- СЭҚҚ қызметіндегі уақытты қысқарту;
- СЭҚҚ қызметін тексеру кезінде тәуекелдерді азайту;
- қадағалауды жүзеге асыру;
- тізілімдерді электрондық түрде жүргізуді іске асыру, өнімділікті арттыру, "Бір терезе" АЖ жұмысын жеделдету;
